

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 308 (2016), 184 – 189

## **THE HISTORY OF DEVELOPMENT AND FORMATION OF MODERN DANCE IN KAZAKHSTAN**

**B. D. Turgumbaeva**

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan.  
E-mail: banu.turgumbaeva@mail.ru

**Key words:** history, Kazakh dance, modern, choreography, classical dance.

**Abstract.** Today in choreography of the dance direction of the highest model is a new contribution of the classical ballet and national-scenic dance.

If literally to translate modern dance, then it means up-to-date dance. It is possible to call this direction the XX century benefit completely. Further this term in choreography has the only direction. This system of dance is connected with such great performers and choreographers as Isadora Duncan, Ruth Saint-Denis, Doris Hemfri, Martha Graham, etc.

This direction has begun to develop in choreography violently from establishment of independence of the country. Because after establishment of independence develop and build free actions of the direction state and the directions of art began to appear.

In this regard it is possible to establish active connection with the leading foreign schools of modern dance for choreographers who work in the youngest directions of choreography. And this opportunity has made a contribution to rapid development of school of modern dance in Kazakhstan. Therefore we believe in formation a modernist style of school in the future at the international level.

The information of history of development and modern choreography in Kazakhstan is given in this article.

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МОДЕРН БИІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ**

**Б. Д. Тұрғымбаева**

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

**Тірек сөздер:** тарих, казақ биі, модерн, хореография, классикалық би.

**Аннотация.** Бұғандегі хореография бұл жоғары үлгідегі би бағыттары классикалық балет пен халықтық-сақналық бидің жаңашыл үйлесімі болып табылады.

Модерн биін сөзбе-сөз аударғанда қазіргі би деген мағына береді. Бұл бағыт толығымен XX ғасырдың жемісі деп айтуымызға болады. Бұдан әрі бұл термин хореографиядағы жалқы бағытқа ие болды. Бидің бұл жүйесі Айседора Дункан, Рут Сен-Дени, Дорис Хэмфри, Марта Грэхем және т.б. сияқты ұлы орындаушылар мен хореографтардың атымен байланысты.

Хореографиядағы бұл бағыт ел Егемендігін алған кезден бастап қарқынды дами түсті. Өйткені тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік және өнер бағыты денгейінде жаңа бағыттарды дамыту мен құруда еркін іс-әрекеттер мүмкіндігі пайда бола бастады.

Осыған байланысты хореографияның ең жас бағытында қызмет етіп жүрген хореографтарға қазіргі бидің шетелдегі жетекші мектептерімен белсенді байланыс орнатуға мүмкіндік туып отыр. Ал, бұл мүмкіндік Қазақстандағы қазіргі би мектебінің қарқынды дамуына өз үлесін қосты. Сондықтан да біз келешекте халықаралық денгейдегі модерн мектебінің қалыптасатынына кәміл сенеміз.

Бұл мақалада Қазақстандағы қазіргі заман хореографиясының қалыптасуы мен даму тарихы жайлы мәліметтер берілген.

Модерн би – қазіргі хореографияның көптеген даму жолдарын анықтайдын би өнерінің жалпы атауы. Бұл Айседора Дункан, Рут Сен-Дени, Дорис Хэмфри, Марта Грэхем және т.б. ұлы орындаушылар мен хореографтардың атымен байланысты көптеген дербес бағыттарды біріктіретін би жүйесі. Модерн би Еуропа мен Америка елдерінде жүз жыл көлемінде дамып және кез келген қазіргі хореографиялық қойылымдардың ажырамас бір бөлігі болып табылады.

Модернизмнен кейінгі би өнерінің қалыптасуын, бидің көрінісіндегі жаңа тілді, техниканы, сахраналық көңістіктерінің стильдік және композициялық әдістерді менгеруді, деңе қимылы сипаттамасының жана мүмкіндіктерін, болмыстық бағдарды анықтаудағы басқа да тәсілдерді сипаттайтындығымен айқындалады. Біріншіден, XX ғ 80-жылдары бір жағынан мәдениеттің көне тарихынан бастап қазіргі көркемдік ағымына дейін, екінші жағынан, барлық елдер мен халықтардың көркемдік тәжірибесін қарастыратын модерннен кейінгі біртұастық қалыптасып отыр.

Модерн би – XIX ғ аяғы мен XX ғ басында АҚШ пен Германияда пайда болған қазіргі шетел хореографиясының бір бағыты. «Модерн» термині АҚШ-та дәстүрлі балет түрлерін жоққа шығарып, сахраналық хореографияны көрсету мақсатында пайда болды. Бұл термин қолданысқа енгеннен кейін, осы бағыттың даму процесінде туындаған еркін би, дунканизм, жалаңаяқ би, ырғакты пластикалық би, мәнерлі, экспрессионисті, абсолютті, жаңа көркем сыйны терминдерді қолданыстан ығыстыруды.

Жалпы айтқанда, модерн биінің өкілі үшін оның қай ағымға қатыстырынына және өздерінің эстетикалық бағдарламаларын қай кезеңде жариялағандарына қарамастан, олардың пікірінше XX ғасыр адамдарының рухани қажеттілігіне жауап беретін жаңа хореографияны құру ниestі болды.

XX ғасырдың басында Кенес Одағында жеке бағыт ретінде пайда болған модерн би класикалық би эстетикасына қарағанда, кібіраз уақыт дамымады. Модерн биінің мектептері мен оқытушылар өте тапшы болды, өнерде пайда болған жаңа бағыттар кенеске қарсы деген пікірлер де орын алды.

Бұрынғы классикалық балет өнері үлкен құрметке ис болып, («тіптен балеттің өзінде – барлық планетаның алдында...») идеологиясымен бір қатарда тұрды. Одан басқа, әлемге аты танымал кеңестік халықтық-сахраналық би ансамбльдері (Игорь Моисеев ансамблі, Вирский атындағы ансамбль және молдавандардың «ЖОК» ансамблі) үкіметтік және идеологиялық концерттерде қажетті бағыттағы көрсетілімдермен толығып отырды.

КСРО-ға Кубаның қазіргі би ансамблі, Крамер би ансамблі, Филиппин мәдени орталығының би театры, П.Тейлордың басқаруымен би ансамблі, Жозеф Руссильо балет театры және т.б. гастрольдік сапарлармен келгеннен кейін модерн биіне ресми деңгейде қызығушылық туындағы бастады. 70-жылдардың ортасында Мәскеу және Ленинградтағы жеке хореографтардың жұмыстарында модерн стиліндегі қойылымдар пайда бола бастады да, ол Кеңестер Одағындағы басқа да қалаларға тарай бастады.

Модерн биінің Қазақстандағы даму тарихы 1974 жылдан, яғни ГИТИС-тің балетмейстерлік болімінің талантты түлегі Жанат Байдаралиннің аталған оқу орнын тәмамдап, Алматыға қайтып оралуынан бастау алады. Ол Опера және балет театрында француз композиторы Ф. Пуленктиң музыкасына жазылған өзінің «Жанару» атты дипломдық спектаклін қояды. Балеттің негізгі арқауы – Шекспирдің Ромео және Джүльєттасы. Жанат Байдаралин мұндағы махаббат тақырыбын ырғакты пластика мен классикалық па арқылы кеңінен ашып көрсеткен.

Балетте Джүльєттаның рөлін Мәскеу хореографиялық училищесінің түлегі, 70–80-жылдардағы қазақ балетінің жарық жұлдызы, ҚР Халық әртісі – Зарема Кастреева орынады.

1978 жылы Ж.Байдаралин Ұлы Отан соғысына арналған «Элия» балетін қояды. Балет қарама-қарсы желіден тұрды. Шығарма желісі Ұлы Отан соғысы жылдарында нәзік қыздың батыр солдатқа айналуына құрылған.

1980 жылы Жанат Байдаралин Қазақ КСР атынан Мәскеу Олимпиадалық ойындарының ашылу салтанатына Құрманғазының «Балбырауын» қуйінің қойылымымен қатысты.

Сонымен қатар 1987 жылы Ж.Байдаралиннің жетекшілігімен Жан-Мишель Жаррдың музыкасының желісімен “XX ғасыр” атты қазіргі рок-балет қойылды. Спектакль Абай атындағы МАОБТ-да екі рет қойылып, көрмермендердің назарын өздеріне қаратты.

Жанат Байдаралин «Бауырым менің Маугли» атты фильміндегі басты рөлдердің бірін сомдаушы, әрі хореографы.

Ол 1991 жылы ТМД-да алғаш рет «Қыпшак-данс» жеке труппасын құрып, ол бір жылға жуық жұмыс жасады.

1996 жылы Байдаралин қырғыздың “Манас” эпосының мерейтойына арналған үш сағаттық театрландырылған көрініске бас балетмейстер ретінде шақыртылды.

Жанат Байдаралин өз өмірінің 20 жылдай уақытын Қазақстандағы модерн биінің идеясына арнады. Әйтсе де еліміздегі қазіргі би бағытындағы ахуал оның шығармашылығының кең қанат жайып, ресми деңгейге көтерілуіне дайын емес еді. 2000 жылы Жанат Байдаралин Америка Үкіметтінің The American Dance Festival атты халықаралық хореографиялық фестивалінің грантын ұтып алып, 2001 жылы Америкаға қоныс аударды.

Сондай-ақ Қазақстанда қазіргі биді дамыту мен оны таратуда қазіргі «Самұрық» би театрының пайда болуы елеулі рөл атқарды. Труппаның құрылған кезінен бастап оның көркемдік жетекшісі мен хореографы – Қазақстан Республикасына енбегі сіңген қайраткер Гүлнар Адамова.

Г. Адамова 1990 жылы А.В. Луначарский атындағы (Мәскеу) Мәскеу театр өнері институтының балетмейстерлік бөлімін бітірген. Институтты тәмамдағаннан кейін Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінде қазіргі биден, одан кейін Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясында қазіргі хореография мен балет режиссурасынан сабак берді. Сонымен қатар шетелдерде (Австрия, Польша, Прибалтика) әртүрлі техникаларды менгеру бойынша білім алды, атақты Web-festival-ға барған. Осы уақыт аралығында опералық театрлар мен хореографиялық училищелерге арналған опералық және драмалық спектакльдердің хореографиясының көптеген концепттік номірлері мен көріністері қойылды..

«Самұрық» труппасы 1998 жылы құрылған, труппаның алғашқы орындаушылары бұрынғы гимнаст қыздар болды. Труппа алғаш рет «Билейтін аралар» атты алғашқы Халықаралық қазіргі би фестивалінде ерекше көзге түсті. 2003 ж. бастап «Самұрық» театры мемлекеттік мэртебе алып, қалалық әкімдіктің қоластында жұмыс істейді. Гүлнар Адамованың қазіргі балет труппасы жаңа классикадан бастап contemporагу-ға дейінгі хореографияның әртүрлі бағытында жұмыс істейтін Қазақстандағы қазіргі бидің бірден-бір кәсіби ұжымы болып табылады.

Труппаның репертуарына толықметражды спектакльдер мен бір актілі балет, сонымен қатар хореографиялық миниатюраның әртүрлі үлгілері кіреді.

Труппаның құрылғанынан бері қарай оның репертуары барынша кеңейіп, көптеген өзгерістерге ұшырады. Мысалы, алғашқы кезде Қазақстандағы жаңа әртүрлі техникаларға негізделген шығармаларға көніл бөлінсе, ал хореограф Гүлнар Адамова қазіргі хореографияда ұлттық дәстүрлер мен музыканы, мәдениетті пайдалану мүмкіндігіне көп көніл бөлді.

Г. Адамованың спектакльдері МАОБТ сахнасында ұдайы көрсетіліп тұрады, би-театрының репертуарына «Second hand», «Джаз-кафе», «Құс жолындағы қоштасу», «Өрмекші», «Жезтыврақ» қойылымдары кіреді.

2000 жылы Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясында хореография режиссурасы кафедрасы эксперимент ретінде – «Классикалық балет режиссурасы» мен «Қазіргі би режиссурасы» болып екі бөлімге бөлінді. Қазіргі кезде түлектер Эзау Елена мен Дадарходжаева Альбиналар «Самұрық» труппасында өздерін хореограф ретінде жақсы жақтарынан танылып жүр. Ал, тағы бір түлек Наталья Новикова Одессадағы өткізілген Қазақстан мәдениеті құндерінде, МАОБТ репертуарында жүрген «Таз әнші» спектаклімен көрермендерді жаулап алды.

Қазақстандағы қазіргі бидің дамуына үлкен үлес қосқан – апалы-сіңлілі Гүлмира мен Гүлнар Фаббасовалар. Олар 1986 жылы Алматы хореографиялық училищесін бітіріп, «би ансамблінің артисі» біліктілігін алып шыққан.

Ал, 1999 жылы Т. Жүргенов атындағы Өнер Академиясын тәмамдап, режиссер-хореограф мамандығы бойынша диплом алды.

2004 жылы Palucca Schule (Дрезден) атты хореографияның Жоғары мектебінен білім алып, Франция, Англия, Португалия, Словения, Ресей сияқты елдердің хореографтарының шеберлік сыйыптарынан өтті.

Танымал бишілер көп жылдар бойы Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясында, Селезнев атындағы хореографиялық училищеде тәлім берді. Өздерінің жеке мектептерін ашу сынды армандары орындалып, 2007 жастап Gabbassov Sisters Company мектебі жұмыс істеп келеді. Ал, 2009 жылы театрдың тұрақты алаңы болды. Қасіби труппадан бөлек, студияның окушыларынан тұратын әуесқой топ та бар. Гүлнар және Гүлмира Фаббасовалардың би театры билегісі келетіндердің студиясы мен шығармашылық эксперименттермен ұдайы шығып жүргендердің алаңдарын біріктірді. Олардың қойылымдары біздің елімізге ғана емес, одан да тысқары жерлердегі қазіргі би жанкүйерлеріне жақсы таныс.

Апалы-сіңлілі Фаббасовалардың қойылымдары «Көршілер», «Мираколло», «Тамыр», «Уақыт», «Сезсіз», «Махаббат елесі немесе...», «Әйел жынысты иттер» және т.б.

1999 жастап қазақстандық қөрермендер жыл сайын Г.Адамованның қазіргі би театрының және апалы-сіңлілі Фаббасовалардың би театрларының жаңа спектакльдерін көре алады.

Соңғы он жыл қолемінде модерн биінің қөптеген өзіндік техникасы пайда болды, олардың әрқайсысы белгілі бір педагог немесе хореографтың анықтауымен дайындалған. Еуропада оларды contemporary dance деп атайды. 1999 жылы чех хореографы Иозеф Кацуорек хореографиялық училищелерде contemporagay жаңа бағытындағы техникасын оқыта бастады. Ол өз жұмысында әртүрлі техниканы, сөзді, пластиканы пайдаланды. Осыдан кейін, И. Кацуорек бишілердің қазіргі би жөніндегі таным-түсініктерін көңірек аша бастады.

Хореографиялық өнердегі оқытудың білім беру жүйесі педагогтен білімнің жоғарғы деңгейін, бәсекеге қабілеттілікті және би үлгілері мен олардың стилін ұдайы жаңартып отыруды талап етеді. 1995–1999 жылдар аралығында Селезнев атындағы АХУ-де модерн биінен француз әйелі Паскалина Ноэль сабак берді. Ол Нью-Йоркте Марта Грэхемнің қазіргі би мектебін бітіріп, дипломнан бөлек, атақты американдық әйелдің техникасынан сабак беру рұқсатын да алды. Паскалина Ноэльдің аркасында, училищеде қазіргі би бөлімі пайда болды.

П. Ноэльдің үздік шәкірттерінің бірі – Эсель Абакаева. Ол училищені бітіргеннен кейін сол оқу орнында оқытушы болып қалды. Э. Абакаева 2002 жылы Париждегі Рик Одомс атындағы біліктілікті көтеру институтында тәжірибеден өтті. Сонымен қатар «Самұрық» труппасында өнер қөрсетті. Ал, қазір Т. Жүргенов атындағы ҚазҰФА-да модерн техникасынан сабак беруде. Сондай-ақ Gabbassov Sisters Company қасіби труппасында өнер қөрсетуде.

Сонымен қатар би өнеріне жас шәкірттерді баулу педагогикалық оқу орындарында да жүзеге асырылуда. Мәселен, 2004 жылы ҚазМемҚызыПУ-да «050409 – Хореография» мамандығы бойынша білім беру стандартын дайындау кезінде Польшадағы қазіргі өнер бойынша шеберлік класына қатысуышы, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің түлегі, хореография кафедрасының оқытушысы Лоскутова Надежда Алексеевна «Модерн» пәні бойынша бағдарлама әзірледі.

Қазақстанда модерн биін дамытуда сұрыпсалушылық пен физикалық театрдың тәсілдерін қосқандағы әртүрлі қазіргі техниканы менгерген оқытушылардың қатысуымен өткізілген шеберлік сыйнитары мен фестивальдар үлкен үлес көсті.

«Билейтін аралар» атты қазіргі бидің алғашқы фестивалі 1998 жылы Селезнев атындағы АХУ-дың қабырғасында өткізілді және оны Жанат Байдалин мен Болат Жантаев ұйымдастырды.

1999 жылы Алматы Студенттер сарайында «Қызыл Жал» («Розовая грива») атты I Халықаралық қазіргі би фестивалі өткізілді. Фестиваль Алматы қаласы әкімдігінің және Мәдениет комитетінің қолдауымен «Қызыл Жал» Жастар орталығының ұйымдастыруымен өткізілді. «Қызыл Жал» фестивалінің ұйымдастыруышы мен авторы Алла Буренкова болды. Ол – «Қызыл Жал» Жастар мәдени орталығының президенті әрі Қазақстандағы қазіргі хореографияның балетмейстерлер Одағының атқарушы директоры, Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясының түлегі. Алла Буренкова «Қызыл Жал»-ды шетелде насиҳаттауға біраз күш-жігерін жұмсады. Ол мүмкін болған жағдайда барлық фестивальдерге қатыса отырып, атақты бишілер мен хореографтарды Алматыға тартып отырды.

«Қызыл Жал» фестивалі 9 рет өткізілді. Осы фестиваль өткізілген жылдар ішінде Ресей, Франция, Түркия, Финляндия, Чехия, Латвия сияқты елдерден де қонақтар келіп қатысты.

2002 жылы «Ұмай Тәнірі» фестивалінде «Самұрық» труппасының «Секонд хэнд» және апалы-сіңлілі Фаббасовалардың «Көршілер» атты қойылымдары ұсынылды.

Сонғы жылдары қазіргі биге деген қызығушылық арта түсүде. Модерн биі әртүрлі үлгіде көгілдір экрандағы жобаларда, кинофильмдер де насиҳатталып жүр. Бұрын хореографиямен айналыс-паған адамдардың да қызығушылықтары ояна бастады. Осыған байланысты өте төмен деңгейдегі қызметтерін ұсынатын көптеген би студиялары мен мектептер (дайындығы жоқ оқытушылар, күтімсіз залдар) пайда бола бастады. Сонымен қатар әдістемелік көрсеткіштер жетіспеушілігі де байқалуда. Сахналық аландардың болмауы немесе олардың санының аздығы Қазақстандағы қазіргі хореографияны дамытудағы келелі мәселелердің бірі болып табылады.

2002 жылдан бастап Алматыда «Қазіргі хореография орталығы» қоғамдық қоры жұмыс істей бастады. Қордың ұйымдастыруышы мен директоры Флюра Мусина болды. Қорды ұйымдастырудагы басты мақсат – Орталық Азия аумағында қазіргі биді тарату және оған қолдау көрсету. 2006 жылы Қазіргі хореография орталығы Алматы қаласы I Орта Азиялық қазіргі би фестивалін өткізді. Бастапқы кезде оған Қазақстан мен Қыргызстаннан келген бишілер мен хореографтар қатысса, 2008 жылы өткізілген екінші фестивальде Тәжікстаннан, Өзбекстаннан, Қыргызстаннан, Ресейден, Франция мен Германиядан келген бишілер мен хореографтар да әз өнерлерін көрсетті. 2009 жылы өткізілген үшінші фестивальдегі бас қөзайым Олег Пактің «Самұрық» труппасына қойылған «Мениң алғашқы күзім» атты дипломдық спектаклі болды. Спектакль көрермендерді шынайылығымен және пластикалық тілінің өзіндік ерекшелігімен баурап алды.

2010 жылы өткізілген IV Орта Азиялық фестивальде Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның хореография факультетінің 4-курс студенті Егор Васильев «Нарцисс» атты өзінің қойылымын ұсынды.

2011 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл толуына орай «Қазіргі хореография кеші» өткізілді. Жоба Қазақстан Республикасының Алғашқы Президенті Корының қолдауымен жүзеге асырылды.

Концерт бағдарламасына өнерге деген алғашқы қадамын жасаған жас Қазақстанның атақты хореографарының жұмыстары енгізілді. Мұнда хореографтар үшін өздерінің ерекше жаңа жұмыстарын көрсетуге мүмкіндік туындаста, ал, көрермендер үшін қаладағы ең үздік сахнада қазіргі биді тамашалау мүмкіндігі туындағы. Шақырылғандардың ішінде АҚШ, Корея, Германия, Турция, Франция және т.б. елдердің дипломатиялық өкілдері де болды.

Аталған жоба аясында Қазақстанда қазіргі биді тарату мен дамыту бойынша қойылған басты мақсаттар да шешілді. Бұл жоба хореографиялық өнердің жаңа бағытына тың серпіліс берген жоба болды.

Қазіргі хореография бір орында тұрып қалмай, үздіксіз дамуда. Педагогтер, хореографтар, балетмейстерлер қазіргі биден сабак берудің әдістемесі мен әртүрлі хореографиялық ізденісті, жаңа қимылдарды тануға үлкен дең қоюда. Contemporagу техникасы да Қазақстанда қарқынды күш алып келеді. Бұл дегеніміз еліміздегі және шетелдердегі көрермендердің осы би түрін мойындағанын танытады. Модерн биі Қазақстанда тәуелсіздікпен қатар бірге жасап келе жатыр. Ол – біздің еліміздегі салиқалы саясат жасампаздығының нәтижесі.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Мусина Ф. Современный танец в Казахстане // Газета Номад Казахстан. – [электронный ресурс]. URL: <http://nomad-kazakhstan.kazakh.ru/nomad-kazakhstan/4759.php>
- [2] Никитин В.Ю. Модерн-джаз танец: История. Методика. Практика. – М.: Изд-во ГИТИС", 2000. – 440 с.
- [3] Казахстанская правда [электронный ресурс] от 02.04.2010. [www.kazpravda.kz/c/1270179265](http://www.kazpravda.kz/c/1270179265)
- [4] Национальный портал Biografia.kz [www.biografia.kz](http://www.biografia.kz)

## REFERENCES

- [1] Musina F. Sovremennyj tanec v Kazahstane // Gazeta Nomad Kazahstan. [jelektronnyj resurs]. URL: <http://nomad-kazakhstan.kazakh.ru/nomad-kazakhstan/4759.php>
- [2] Nikitin V.Ju. Modern-dzhaz tanec: Istorija. Metodika. Praktika. M.: Izd-vo GITIS", 2000. 440 p.
- [3] Kazahstanskaja pravda [jelektronnyj resurs] ot 02.04.2010. [www.kazpravda.kz/c/1270179265](http://www.kazpravda.kz/c/1270179265)
- [4] Nacional'nyj portal Biografia.kz [www.biografia.kz](http://www.biografia.kz)

## **ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ И СТАНОВЛЕНИЕ ТАНЦА МОДЕРН В КАЗАХСТАНЕ**

**Б. Д. Тұрғымбаева**

Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** история, казахский танец, модерн, хореография, классический танец.

**Аннотация.** Сегодня в хореографии направления танца высшей модели является новым вкладом классического балета и народного-сценического танца.

Если дословно перевести танца модерн, то он означает современный танец. Это направление можно полностью назвать плодом XX века. Далее этот термин в хореографии имеет единственное направление. Эта система танца связана с такими великими исполнителями и хореографами, как Айседора Дункан, Рут Сен-Дени, Дорис Хэмфри, Марта Грэхем и т.д.

Это направление в хореографии начало бурно развиваться с становления независимости страны. Потому что после становления независимости развивать и строить свободные действия направления государственного и направления искусства стали появляться.

В связи с этим можно установить активную связь с ведущими зарубежными школами современного танца для хореографов, которые работают в самом молодом направлении хореографии. А эта возможность внесла вклад в бурное развитие школы современного танца в казахстане. Поэтому мы верим в становление модерн школы в будущем на международном уровне.

В этой статье дана информация истории развития и современной хореографии в Казахстане.

*Поступила 17.03.2016 г.*